



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

27.04.15 № 261

Орал қ.

г. Уральск

**Облыстың білім беру  
мекемелерінде ақша жинауға  
тыйым салу туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 2 тармағына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес облыстың білім беру ұйымдарында негізсіз ақша жинауға тыйым салу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру мекемелерінің басшылары:

1.1. Мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алу принциптерін сақтауды қамтамасыз етсін.

1.2. Оқушылардан, ата-аналардан және мектептің қызметкерлерінен мектепке жөндеу жұмыстарын жүргізуге, оқулықтар сатып алуға, мұғалімдерге, мектеп басшыларына сыйлық алуға, мектепке қабылдағанда, мектептен мектепке және сыныптан сыныпқа ауыстырғанда және т.б. ақшалай қаражат жинауға тыйым салынсын.

1.3. Білім беру мекемелерінің әкімшілігіне және педагогикалық қызметкерлеріне мемлекеттік оқу орындарында қайырымдылық және демеушілік көрсету үшін құрылған қор немесе қоғамдық бірлестік жұмысының қызметімен айналысуға тыйым салынсын.

1.4. Ата-аналармен демеушілік көмек көрсету міндетті емес екендігі туралы түсінік жұмыстарын жүргізсін.

2. Аудандық (қалалық) білім бөлімдері:

2.1. Әрбір білім беру мекемесінің басшысына ақша жинау фактісі бойынша дербес жауапкершілік жүктелетінін жеткізсін.

2.2. Осы бұйрықпен білім беру мекемелерінің басшыларын таныстырып, жеке қолдарын қойдырып жеткізсін және мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етсін.

008467

2.4. Осы бұйрықты бұзғаны үшін білім беру мекемесінің басшысын қызметтен босатуға дейін жазалауға шара қолдансын.

2.5. Ақша жинауға тыйым салу мәселесі бойынша барлық білім беру мекемелерінде кеңестер, отырыстар өткізіп, нақты іс-шаралар жоспарын әзірлесін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары З.Гумароваға жүктелсін.

**Басқарма басшысы**



*Handwritten signature in blue ink.*

**А.Мыңбаева**